● ТАРИХ

# Көшім хан туралы не білеміз?

Бейсенғазы ҰЛЫҚБЕК

**Міне, 400 жылдай уақыт өтсе де, осы күнге дейін Көшім хан туралы анық–қанығына жетіп, нақты пікір айтып, талдап берген ешкім жоқ. Көшім ханды бағалау біржақты ғана қалыптасқан. Революцияға дейін де, одан кейінгі әдебиеттерде де Көшім туралы көбіне–көп кері пікірлер мен ойлар айтылып, жазылып келді.**

Ол жөнінде «Залым», «Қанішер», «Сібірді тонаушы» деп қана айтылып, насихатталып келген болатын. Сөйтіп, оның жағымсыз мінез-құлқын, құбыжық пішінін қалыптастырған.

Ал жаулаушы, зұлым Ермакты ол кезде таңдайқақтырар қылып суреттеген еді. Оны тіпті «ұлттық батыр» ретінде танып, бағалап, кезінде қала, көше, мектеп аттарын беріп, ол туралы қиюы келтіріліп кітаптар, дастандар жазылды.

Бірақ негізінде солай ма?! Тыныш жатқан елді, қаншама жылдық тарихы бар хандықты қиратып, жұртын қырып, бұған дейін қазақтың талай руының жаз жайлауы, қыс қыстауы болып келген Ібір-Сібірді, орман байлығы орасан кең өлкені тартып алғаны рас. Алтайдан Сахаменге дейінгі құс қанаты талатын қазақтың зор аймағының жартысы өстіп бөлініп қалды. Кезіндегі Алтын орда хандығы секілді, бұл да өткен тарих болып қала берді. Тарих та бір орында қатып қалған дүние емес, ол да жаңа ізденістермен толығып, тың деректермен байи түседі.

Сондықтан енді жалтақтамай, Көшім ханның Сібір мен Қазақстан тарихындағы рөлін нақты бағалап, шындықты айтатын кез келді.

Көшімнің Сібірді игерудегі еңбегін, хандық құрып, сондағы ел-жұртты біріктіріп, бір тудың астына жинап, мұсылман дініне кіргізіп, сауда-саттығы дамыған ірі мемлекет құра білгендігін естен шығармауымыз керек.

Көшім кім болған еді? Революцияға дейінгі орыс зерттеуші-тарихшылары Н.Карамзин, А.Легихин, П.Небольсин және басқалары Көшімді қазақ тайпасынан шыққан адам деп есептеген әрі солай жазған болатын. Шоқан Уәлихановтың өзі «Кучум был султан киргизский» деп көрсеткен.

Көптеген деректерге зер салып қарасақ, Көшім әбден қартайып, 80 жасында дүниеден өткен. Ол 1510-1520 жылдар аралығында Арал жағалауының солтүстік бөлігіндегі Алтыауыл ұлысында туған. Нақты қай рудан екені белгісіз. Бірақ түркі елінің, соның ішінде қыпшақ баласы екені нақты. Оның жастығы қалай өткені, қандай жағдайда өскені бізге белгісіздеу. Осы өлкеде өсіп, жетіліп, кейіннен 1555 жылдары өзінің жақындары мен төлеңгіттерін ертіп Сібір жаққа бет бұрады. Кезінде бұл жақтың бай-мырзалары ерте көктемде бұлғын және терісі қымбат басқа да аңдарды аулауға Сібірге ат шалдырып отырған.

Жаздай аулағандарын керуенге тиеп, мықты күзетпен Бұқара, Самарқан, Хиуа, Қырым мен Парсы еліне шығарып, зор пайдаға кенеліп отырған екен.

Жігерлі, елгезек, еңбекқор Көшім бір көктемде өзіне ерген нөкерлерімен және Сарыарқада өзіне қосылғандармен Сібірге келіп ордасын тігеді. Бір айта кетерлігі, бұл өлкеде ол тек аң-құс аулап қана қоймай, айналадағы қазақтың руларымен және саны аз жергілікті бөгде жұртпен тайталаса жүріп, оларды өздеріне қаратып, хандығын құрады. Әскерін жасақтайды. Сөйтіп, аса зор қиындықпен 1563 жылы хан тағына отырады.

Жиырма жыл бойы Сібір өлкесі жақсы дамып, жаңа хандық қуатты бола түседі. Бұқара мен Саураннан, Үргеніш, басқа да ортаазиялық қалалардан шейхтар мен сейдтерді шақырып, өзінің қол астындағы жұртты мұсылман дініне кіргізе білді. Бұл жағынан Көшім үлкен жұмыс бітірді. Оның бәрін санамалап жатпайық. Дегенмен ауқымды аймақты алып жатқан әрі өте мықты, сондай-ақ орыс жаулаушыларының жолына Орал таулары мен арынды өзендер тосқауыл болып тұрған күшті хандық неге жылдам күйреді? Себебі неде?!

Орал тауларынан асып, Көшім Ресей мемлекетімен, сондай-ақ Бұқара, Қырым, Түрік, Қытай елдерімен берік қарым-қатынас орнатып, сауда-саттықты өрістетеді. Бүкіл Сібірді орталықтандырып, сол заманның өркениетін әкеледі. Ордасы орналасқан Іскер қаласынан басқа тағы біраз қалалар мен сауда жүргізетін бірнеше бекіністер салдырады. Хандықтың аумағы бүкіл Еуропаның көлеміне жетеқабыл болды. Сібір хандығы мен Орыс елінің аралығын Орал таулары бөліп тұрды. Өзінің күшін, хандығының мықтылығын білетін Көшім хан Мәскеуге грамота да жолдап тұрған.

Орыс жағы Көшім ханға «көрші, достас ел болайық, екі арада үнемі бейбітшілік болсын» деп хаттар жолдап отырды. Көшім дегенмен, өзінің күштілігін көрсетіп: «И ныне похожь миру – и мы помиримся, а похож волгатися – и мы воюемся» деп те сәлем жолдаған. Иван Грозный оған шамасының келерін не келмесін білмей, «Сибирской земли начальнику Кучуму – царю милостивое слово» деп жазатын болған.

1582 жылдың көктемінде Көшім ханның үлкен ұлы Әли басқарған таңдамалы қалың атты әскер Оралдың арғы жағындағы көпес Строгановтардың билігіндегі аумаққа басып кіреді. Бұл кезде Строгановтардың қызметінде жүрген Ермак Көшім ханның ордасы болып саналатын Іскердің ешқандай қорғаусыз, қорғансыз қалғанын естиді. Әли бұларға алым-салық үшін тап бергенде, Ермак сегіз жүзден аса әскерін жинап, тездетіп Іскердің түбінен бір-ақ шығады. Қарауылда қалған азғана сарбаздардың зеңбірегі мен мылтығын арқалай келген орыс казактарына шамасы келмей қалды.

Көшім ханның нақты еңбектерін айтатын болсақ, біріншіден, Сібірдегі рулар мен тайпалардың басын бір тудың астына біріктірді. Екіншіден, аймақта мұсылман дінінің тез таралуына зор ықпалын тигізді. Әйтсе де іргелі хандыққа зұлымдықпен тап берген Ермак өз заманындағы мықты хандықты күйретіп түсірді. Өшпес өкініштей болған қателіктің кеткен жері осы еді.

Кезінде орыс отаршылдары Астрахань, Қазан, Қырым хандықтары мен Кавказда осылай ойламаған жерден тап беріп, қырғанын қырып, қалғанын құлдыққа түсірген болатын. Жауыздықтың шегі бола ма?! Ордасы Іскер құлағанымен, Көшім хан казак және орыс отрядтарымен 17 жыл жан аямай соғысты. 1585 жылы тамыз айында Ермак суға батып мерт болғанда, ханның бойында жеңуге деген үміт пайда болған еді. Дегенмен бірінің артынан бірі келіп жатқан орыс отрядтары Көшім ханға тыныштық та, жеңіс те бермеді. Олар Түмен (Тюмень), Тар, Тобольск бекіністерін салып, Сібірге мүлде орнығып алды. Патша билігі Көшімді өз жағына шығуға қанша үгіттесе де, тәкаппар, намысшыл Көшім көнген жоқ. Сібір үшін соғысты одан әрі жүргізе берді. Осыдан 250 жылдан кейін қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымов та осылай соңғы деміне дейін соғысқан болатын.

1598 жылы Көшім ханның саны аз сарбаздары патша әскерімен Сібір даласында соңғы рет кездесіп, кескілескен соғыс өтті. Бұл кезде Сібірге дендеп кірген орыс әскері өте мол еді. Көшім жеңіліп, екі баласымен ұрыс даласынан әрең сытылып шыққан болатын. Қаңқасап соғыс қазіргі Новосібір қаласының маңында өткені белгілі. Көшім ығысып келіп, Қорғалжын түбіндегі ағайындарын паналайды. Бірақ орыс жасақтарынан сескенген туыстары Көшімді өздері опат қылған сияқты. Қайран ұлы хан әрі ержүрек сардар осылай дүниеден өткен болатын. Денесі сол Қорғалжын даласында мәңгіге қалды.

Қорытындылай айтсақ, Көшімнің еш уақытта ұмытуға болмайтын ұлы еңбегі – орыс отарлаушыларының қазақ еліне кіруін бір ғасырға тежеді. Орыс әскері Ұлы далаға әзірге шамасының әлі келмейтінін біліп, әрі қарай Таймыр, Сахамен, Уссури өлкелері жаққа бет бұра бастады.

*Үржар ауданы.*

---

**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің**
**2018 жылғы 9 қарашадағы №327 қаулысы**
**Өскемен қаласы**

## «Білім саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 211 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

*Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 13 қарашада №5691 болып енгізілді.*

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабына, «Орта білім беру саласында жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 179 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 16749) сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Білім саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 211 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 4148, 2015 жылғы 13 қазандағы, 2015 жылғы 15 қазандағы, 2015 жылғы 17 қазандағы, 2015 жылғы 20 қазандағы «Дидар», 2015 жылғы 12 қазандағы, 2015 жылғы 14 қазандағы «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

3-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«3. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі: құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беру және жаңа оқу жылынан бастап орта білім беру ұйымына (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) қабылдау туралы бұйрық шығару.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: электронды немесе қағаз түрінде. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қағаз жеткізгіште алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде нәтижесі қағаз жеткізгіште ресімделеді.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру ұйымына қабылданғаны туралы хабарлама келеді.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

3-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі негізгі орта білім туралы аттестаттың телнұсқасын, жалпы орта білім туралы аттестаттың телнұсқасын беру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.».

2. Облыс әкімі аппараты, облыстың білім басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Шығыс Қазақстан облысы аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің әлеуметтік сала мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шығыс Қазақстан облысының әкімі** **Д. Ахметов**

---

## ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 23 қарашада, сағат 10.00-де, ШҚО, Семей қаласы, Закария Белібаев көшесі, 2А мекенжайында «ВостокЭнерджи» ЖШС көрсетіп отырған электр энергиясын беру қызметтеріне тариф пен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімді қарауға қатысты жария тыңдау өткізетіндігін жариялайды.

---

## Реформаның үш бағыты

Қазақстанда 2020 жылдан бастап сақтандыру медицинасымен бірге тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің тізбесі де жаңартылатын болады. Бұл өзгеріс емханалар мен стационарлардың пациенттеріне нені білдіреді? Медициналық көмек көрсетудің бұрынғы стандарты өзгере ме? Осы сұрақтарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Шығыс Қазақстан облысының филиалы түсіндіріп берді.

**Үш деңгейге бөлеміз**

Қазақстаннның денсаулық сақтау ісі медициналық көмекті қаржыландырудың үш деңгейлі жүйесіне көшетін болады.

Бірінші деңгейде азаматтардың бәрі бірдей қамтылады және бұл деңгей ауруды ерте анықтауға, шұғыл жағдайлар мен созылмалы аурулар кезіндегі өте ауыр жағдайларды емдеу мен қадағалауға бағытталған. Осы аталған қызметтер тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің (ТМККК) жаңа үлгісінде көрсетілетін болады.

Екінші деңгейде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатысушылар қамтылатын болады. Сақтандырылған азаматтарға диагностикалау мен емдеудің қымбат әрі нақты әдістері қажет еткен кезде ТМККК-ден тыс медициналық қызметтер көрсетіледі.

Үшінші деңгей ерікті сақтандыру жүйесіне қатысу деп күтілуде.

**Нақтырақ үңілсек**

ТМККК пакетінің жаңа үлгісінде адам денсаулығының еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға әкелетін негізгі аурушаңдықтарға күш салу мен қаражатты біріктіру қарастырылған. Олар алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК) жүйесінің қадағалауында болуы тиіс аурушаңдықтардың басымдылыққа ие топтары болып табылады. Сондай-ақ оларды емдеу және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету толығымен тегін болады.

Бірінші топтама – АМСК деңгейінде қадағалауға болатын созылмалы негізгі аурушаңдықтардың 25 тобы (гипертония, қант диабеті, вирустық гепатиттер және басқалары). Яғни оларды дер кезінде бақылап, аз деңгейдегі маңызды диагностикалық тексерулер жүргізіп және дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етсек, сондай-ақ пациентті өзін-өзі бақылау негіздерімен оқытсақ, онда асқынулар мен емдеуге жатқызуларды болдырмауға болады.

Екінші топтама – бұлар мамандандырылған медициналық көмекті қажет ететін әлеуметтік маңызы бар аурушаңдықтар: туберкулез, қатерлі ісік, психикалық және міне-құлық бұзылулары, АИТВ жұқпасынан туындайтын аурулар. Оларды емдеуге арнайы инфрақұрылымдар құрылған.

Осы екі топтамада көрсетілген (25+4) аурушаңдықтармен науқастанған азаматтарға клиникалық хаттамаларға сәйкес ме-дициналық көмек, арнайы мамандардың кеңесі, амбулаторлық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, динамикалық қадағалау, стационарлық емдеу тегін көрсетілетін болады. Басқа аурушаңдықтар кезінде арнайы мамандардың қарауы МӘМС пакетіне енеді. Сонымен қатар сақтандырылған азаматтар қымбат тұратын зертханалық зерттеулер мен диагностикалауға, ТМККК қамтылмаған аурушаңдықтар кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге және стационарлық көмек алуға, сондай-ақ медициналық оңалтуға мүмкіндік алады.

ТМККК жаңа пакетінде барлық азаматтар үшін тегін жедел жәрдем, санитарлық авиация, алғашқы медициналық-санитарлық көмек, шұғыл стационарды алмастыратын және стационарлық көмек, сонымен бірге паллиативтік көмек сақталған.

Халық мемлекет тарапынан кепілдік берілмеген қызметтерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы ретінде немесе ерікті медициналық сақтандыру, сондай-ақ бірлесе төлеу арқылы ала алады.

**Бәсекелестіктің пайдасы**

МӘМС кезінде барлық төлем жасаушылардың аударымдары бір көзге жиналып, ауырып қалған бауырластарымызға бөлінеді. Медициналық қызметтер әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы азаматтардың салған аударымдарына қарамастан барлық сақтандырылған азаматтарға бірдей сатып алынады.

Қазір ӘМСҚ пайда болуы және медициналық қызметті берушілердің сақтандыру медицинасына енуге бағытталуы бұл салада бәсеке тудырғанын айтуға болады. Медициналық қызметтерді сатып алуға дайындық процесінде әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан медициналық мекемелердің жалпы тізбесінің 45 пайызы жекеменшік медициналық ұйымдар екені анықталып отыр. Яғни олар – пациенттер үнемі өздері барып қаралатын, барынша білікті мамандармен қамтылған, кезек күттірмейтін, жақсартылған сервисі бар клиникалар.

– Жекеменшік клиникалар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келісімшарт талаптары бойынша тұрғындарға медициналық көмек көрсетуге дайын. Қордың мемлекеттік немесе жекеменшік ауруханаға да қоятын басты талабы бекітілген стандарттар мен хаттамалар негізінде дұрыс әрі сапалы емдеу жасаса болғаны. Шығыс Қазақстан облысында 131 медициналық қызмет беруші бар болса, оның 61-і жекеменшік, – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ ШҚО бойынша филиалының директоры Болат Алиев. – Өткен жылы олардың саны 52 болған. Алдағы уақытта халыққа сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсететін үздік медициналық қызмет берушілер таңдап алынатын болады.

Қазақстанда Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын әзірлеу басталғанын айта кету қажет. Осыған сәйкес монобейінді ұйымдар көпбейінді ұйымдар болып біріктіріліп, серіктестік және акционерлік қоғам болып қайта құрылады, осыдан кейін сенімді басқаруға немесе жекешелендіруге берілетін болады. Бұл өз кезегінде әкімшілік шығындарды азайтуға және медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ ШҚО бойынша филиалы**

---

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Ақниет» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі** таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде: 071709, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Егінсу ауылы, Шәкәрім көшесі, 2-үй мекенжайында қабылданады.

---

## Денсаулық сақтау саласында байқау кеңесінің мүшесіне үміткерді іріктеу бойынша конкурс

Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 17 бұйрығымен бекітілген байқау кеңесінің мүшесіне үміткерді іріктеу жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Өскемен қ., Гоголь көшесі, 36 мекенжайы бойынша (ШҚО денсаулық сақтау басқармасы, тел.: 52-32-34, 52-32-33, 52-32-06) медициналық ұйымда байқау кеңесінің мүшесі қызметін атқаруға конкурс жариялайды:

**Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Курчатов қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның мекенжайы: 071100, ШҚО, Курчатов қ., Курчатов қөшесі, 9 үй, тел: 8 (72251) 3–35–46.**

Аталған мекемелердің мәні мен қызметі денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын орындау болып табылады.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

1) сәйкесінше білім беру және денсаулық сақтау салаларында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) сәйкесінше білім беру және денсаулық сақтау салаларында басшылық қызметте (заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл тәжірибесінің;

3) сәйкесінше білім беру және денсаулық сақтау салаларында қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиды.

**Мынадай:**

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысу туралы өтініште және қоса берілетін құжаттарды ұсыну бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыруды соңғы жариялау сәтінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдаудың басталу күні бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орын алған күннен бастап саналады. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдауды аяқтау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орын алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткенде аяқталады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар (бұдан әрі – үміткер) конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде комиссияға келесі құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

5) жоғары білімі туралы құжатының нотариалды расталған көшірмесін;

6) еңбек кітапшасының (болған жағдайда) нотариалды расталған көшірмесін немесе еңбек келісімшартының не соңғы жұмыс орнынан қабылдау және еңбек келісімшарты бұзылғаны туралы бұйрықтардан көшірме;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

---

## ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ САТАМЫЗ

«Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС осы арқылы барлық мүдделі тұлғаларды жылжымайтын мүлік нысаны – Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, **Шар қаласындағы теміржол тұйығы сатылатындығы** туралы хабардар етеді. Теміржол тұйығының құны 2 978 000 теңгені құрайды.

Барлық қызығушылық танытқан мүдделі тұлғалардың мына телефондар арқылы хабарласуын сұраймыз: +7 (723) 249 21 33 (ішкі нөмірі 191), +7 705 798 21 91.

Байланысушы тұлға: Болвачев Юрий Юрьевич.

---

## ҚАБЫЛДАУ

**ОВ–156/22 мекемесі қала және аудан мектептері, оқу орындары түлектерін Ш.Қабылбаев атындағы ҚР ІІМ Қостанай Академиясына қабылдау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.**

Тілек білдірушілерді ШҚО, Өскемен қаласы, Индустриальная көшесі 1/2 мекенжайы бойынша күтеміз. Телефоны: 20-63-71, ұялы телефон: 8 705 101 32 87.

---

## ТЫҢДАУ

**24.12.2018 жылы, сағат 10.00–де Абай даңғылы, 102 мекенжайында «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ («ҮМЗ» АҚ) көрме–ақпарат орталығында «ҮМЗ» АҚ. Солтүстік алаң. 600–ғимарат. Таблеткаларды шығару. Техникалық қайта жабдықтау. Уран оксиді ұнтақтарын ұсату және ықшамдау желісі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.**

Нысанды Өскемен қаласында, Абай даңғылы, 102 мекенжайында орналастыру жоспарланып отыр.

Жұмыс жобасы бойынша материалдар: қағаз тасығышта, Абай даңғылы, 102 мекенжайындағы «ҮМЗ» АҚ көрме-ақпарат орталығында, анықтама телефоны: 29-81-53; электронды түрде, интернет-ресурстар: www/e-priroda.gov.kz («ШҚО Табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ) және www.ulba.kz («ҮМЗ» АҚ сыртқы сайты) орналастырылған.

Осы жоба бойынша анықтамалар, ескертулер мен ұсыныстар үшін: 29-82-12, 29-86-86, 29-81-68 (қабылдау бөлмесі) телефондары, электрондық мекенжай (қабылдау бөлмесі): SuslovaGS@ulba.kz арқылы байланыс жасауға болады.

---

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

**Зейнолла Дарын Талғатұлының** атына Өскемен қаласының политехникалық колледжінен 01.09.2016 жылы берілген студенттік билеті жоғалғандықтан жарамсыз деп танылсын.